

Құрылтайшы және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖК РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы
Сәріпбеков Р.Қ. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан) – (төраға)
Абайділдинов Е.М. – з.ғ.д. (Нұр-
Сұлтан, Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург,
Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Нұр-
Сұлтан, Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)

Бас редактор
Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан) – (төраға)
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – ҚР еңбек сіңірген
мәдениет қайраткері (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов,
Ресей)
Қазбаева Ә.Г. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Казиев З.Г. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Киязова А.Ж. – (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қоныс В.Т. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қулиспаева М.Ж. – PhD (Нұр-
Сұлтан, Қазақстан)
Нұрғазиев Б.Қ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бішкек,
Қырғызстан)

Журнал редакциясы
Джамбуршин К.А.
Колтубаева Г.Б.
Ердешева Д.Т.
Жұмагелдина Б.Ж.
Байленова А.Қ.
тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің

БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, 010000,
Нұр-Сұлтан қ., Д. Қонаев к., 12/1
«Сулы-жасыл желекжол» БО
тел.: 8(7172) 57-03-42
www.zqai.kz
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

МАЗМҰНЫ

Редакция бағанасы	8
Әділет министрі М. Бекетаевтың Үкіметтің баспасөз орталығының алаңшасында «Норма шығармашылық процесті жетілдіру туралы» тақырыбында сөз сөйлеуі	11
Р.К. СӘРПЕКОВ ЕАЭО сотының одақ мүше-мемлекеттерінің (Қазақстан Республикасы мысалында) ұлттық органдарымен өзара әрекеттесуі: тәжірибе, мәселелер және әрі қарай жетілдірудің жолдары	15
Конституциялық және әкімшілік құқық	
Е.А. ДҮЙСЕНОВ, А.Қ. ЛӘМБЕКОВА, Е.А. ДҮЙСЕНОВ Қазақстан Республикасының үкіметі жанындағы заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия: заң шығару қызметін жетілдіру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар	21
Б.Қ. НҮРҒАЗИНОВ, Д.А. ПАШЕНЦЕВ, О.Н. ШЕРСТОБОВ, Т.Қ. МАКЕНОВ Қазақстан Республикасының әкімшілік ісінде прокурордың іс жүргізу жағдайының келешегі туралы	31
Е.Б. АБДРАСУЛОВ, А.Е. АБДРАСУЛОВА Құқықтағы нақты және жалған олқылықтар және оларды сот органдарының құқық қолдану қызметінде орындалу жолдары	40
С.К. УКИН, Д.С. БАТЫРБЕКОВА «Астана» Халықаралық қаржы орталығының аумағында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы ерекшеліктерінің кейбір мәселелері	45
Азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқығы	
К.М. ИЛҒАСОВА Жер қойнауын пайдалану жөнінде келісім-шарттар бойынша дауларды баламалы шешу мәселелері	54
М.А. ЕСТЕМИРОВ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабына түсініктеме	63
Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс	
З.Г. ҚАЗИЕВ, А.Н. АҚПАНОВ Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығын және заңнамасын дамыту стратегиясы	72
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, А.Қ. ҚҰРМАНОВА, Б.А. АМАНЖОЛОВА Жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жүйесінде адам өлтіру жауапкершілігі туралы отандық қылмыстық заңнаманы жетілдіру	81
А.Т. КӘРІПОВА, Т.Г. МАХАНОВ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін белгіленген қылмыстық-құқықтық нормалар санкциясын талдау	88
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
М.А. СӘРСЕМБАЕВ ЕАЭО сотының және ЕО сотының шешімдері, қаулылары мен қорытындылары: ұқсас және айыру белгілері	95
Г.А. МЕНЗЮК, Ю.А. ГАВРИЛОВА, Б.А. УМИТЧИНОВА ЕАЭО және ЕО шеңберінде интеграциялық процестер контекстіндегі суверенитет және ұлттықтан жоғары тұрудың арақатынасы	101
Құқықтық мониторинг	
С.И. КЛИМКИН Тағыда жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жауапкершілік мәселесі туралы	109
М.Х. ХАСЕНОВ Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына талдау нәтижесі туралы	116
Р.Е. ЖАҚЫПОВ Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері	126

Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы практикасынан	
Е.С. САФУАНИ Нормативтік акт тілінің кейбір мәселелері.....	135
Ж.М. ТҰРАРОВА, А.Н. КАДИРОВА Терминдік қорды жетілдірудің кейбір мәселелері.....	139
Жас ғалым мінбері	
Қ.Қ. САБИРОВ Қазақстан Республикасының ойын бизнесін реттеу саласындағы заңнамасын жетілдірудің кейбір мәселелері.....	144
Д.Б. РАЗИЕВА Тәртіптік жауапкершілік институтында әділдік қағидатын іске асыру.....	150
А.Р. ХАСЕНОВА Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының парақорлықты саралау мәселелері бойынша түсіндірмелерінің даулы қағидалары.....	157
Ғылыми өмір хроникасы	
«Әкімшілік-процестік құқықтық қатынастар қатысушыларының құқықтық жағдайы» тақырыбындағы дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама, Нұр-Сұлтан қ., 2019 жылғы 20 маусым.....	164
«БҰҰ-ы қызметі мен егемен мемлекеттер үшін ұлттық және халықаралық деңгейдегі құқықтың үстемдігі басымдылық ретінде» атты халықаралық ғылыми конференция туралы ақпараттық хабарлама, Нұр-Сұлтан қ., 2019 жылғы 6 қыркүйек.....	168
Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты делегациясының Беларусь Республикасына қызметтік сапары туралы ақпараттық хабарлама, Минск қ., 2019 жылғы 17-20 қыркүйек.....	174
Ғарыш құқығы және саясаты жөніндегі БҰҰ-ның халықаралық конференциясы туралы ақпараттық хабарлама, Стамбул қ., Түркия, 2019 жылдың 23-26 қыркүйегі.....	181
«Жаршының» мұрағат беттері	
Ж.О. ҚҰЛЖАБАЕВА Бостандықты шектеу түріндегі қылмыстық жазаның қазіргі түсінігі (ҚР ЗИ Жаршысындағы мақала, №2 (22)-2011, 38-40-б.).....	184
М.Ж. КУЛИКПАЕВА З.ғ.к. Ж.О. Құлжабаеваның «Байқоңыр» ғарыш айлағын халықаралық-құқықтық қамтамасыз ету» ғылыми жарияланымна қайтып оралғанда.....	191
Есімнама	
Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының бас ғылыми қызметкері, з.ғ.д., профессор Е.М. Абайділдинов – 60 жаста!.....	196
Библиография	
А.С. Александров, В.В. Колесниктің «Досудебное соглашение о сотрудничестве сторон в российском уголовном судопроизводстве» атты монографиясына рецензия. – М.: Юрлитинформ, 2018. – 216 б.	198
Даналық ойлар	204



Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт
законодательства и правовой
информации Республики Казахстан»
Издается с 2006 года
Все материалы журнала размещаются
на сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий
для публикации основных научных
результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. (Нур-Султан, Казах-
стан) – (председатель)
Абайдылинов Е.М. – д.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург,
Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва,
Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан)
Унзила Шапак – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)

Главный редактор
Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан) – (председатель)
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – заслуженный
деятель культуры РК (Нур-Султан,
Казахстан)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов,
Россия)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Казиев З.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Киязова А.Ж. – (Нур-Султан,
Казахстан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Кулиспаева М.Ж. – PhD (Нур-Султан,
Казахстан)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Ка-
меногорск, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)


Редакция журнала
Джамбуршин К.А.
Колтубаева Г.Б.
Ердешева Д.Т.
Жумагелдина Б.Ж.
Байленова А.К.
тел.: 8 (7172) 26-61-29
*Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и
коммуникаций Республики Казахстан
(Первичная постановка на учет
№6592-Ж. 07.09.2005 г.)*

Адрес:
Республика Казахстан, 010000,
г. Нур-Султан, ул. Д. Конаева, 12/1
БЦ «На Водно-зеленом бульваре»
тел.: 8(7172) 57-03-42
www.zqai.kz
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

СОДЕРЖАНИЕ

Колонка редакции	9
<i>Выступление Министра юстиции М. Бекетаева на площадке пресс-центра Правительства на тему «О совершенствовании нор- мотворческого процесса»</i>	13
<i>Р.К. САРПЕКОВ О взаимодействии Суда ЕАЭС с национальны- ми органами государств-участников Союза (на примере Республики Казахстан): практика, проблемы и пути дальнейшего совершен- ствования</i>	15
Конституционное и административное право	
Е.А. ДЮСЕНОВ, А.К. ЛЯМБЕКОВА, Е.А. ДЮСЕНОВ Меж- ведомственная комиссия при правительстве Республики Казахстан: рекомендации и предложения по совершенствованию законопроект- ной деятельности	21
Б.К. НУРГАЗИНОВ, Д.А. ПАШЕНЦЕВ, О.Н. ШЕРСТОБО- ЕВ, Т.К. МАКЕНОВ О перспективах процессуального положения прокурора в административном судопроизводстве Республики Казах- стан	31
Е.Б. АБДРАСУЛОВ, А.Е. АБДРАСУЛОВА Действительные и мнимые пробелы в праве и пути их восполнения в правопримени- тельной деятельности судебных органов	40
С.К. УКИН, Д.С. БАТЫРБЕКОВА Некоторые вопросы осо- бенностей правового положения иностранцев и лиц без граждан- ства на территории Международного финансового центра «Аста- на»	45
Гражданское и гражданско-процессуальное право	
К.М. ИЛЬСОВА Вопросы альтернативного разрешения споров по контрактам на недропользование	54
М.А. ЕСТЕМИРОВ Комментарий к ст.11 Закона Республики Казахстан «О товариществе с ограниченной и дополнительной от- ветственностью»	63
Уголовное право и уголовный процесс	
З.Г. КАЗИЕВ, А.Н. АХПАНОВ Стратегия развития уголов- но-процессуального права и законодательства Республики Казах- стан	72
К.Е. ИСМАГУЛОВ, А.К. КУРМАНОВА, Б.А. АМАНЖО- ЛОВА Совершенствование отечественного уголовного законода- тельства об ответственности за убийство в системе правонаруше- ний против личности человека	81
А.Т. КАРИПОВА, Т.Г. МАХАНОВ Анализ санкций уголов- но-правовых норм, установленных за коррупционные преступле- ния по уголовному законодательству Республики Казахстан	88
Международное право и сравнительное правоведение	
М.А. САРСЕМБАЕВ Решения, постановления, заключения суда ЕАЭС и суда ЕС: аналогичные и различительные черты	95
Г.А. МЕНЗЮК, Ю.А. ГАВРИЛОВА, Б.А. УМИТЧИНОВА Соотношение суверенитета и наднациональности в контексте ин- теграционных процессов в рамках ЕАЭС и ЕС	101
Правовой мониторинг	
С.И. КЛИМКИН Вновь к вопросу об ответственности участ- ников товарищества с ограниченной ответственностью	109
М.Х. ХАСЕНОВ О результатах анализа законодательства Республики Казахстан о государственной регистрации прав на не- движимое имущество	116
Р.Е. ЖАКУПОВ Вопросы совершенствования законодатель- ства Республики Казахстан о политических партиях	126

Из практики законоотворчества на государственном языке	
Е.С. САФУАНИ Некоторые вопросы языка нормативного акта.....	135
Ж.М. ТУРАРОВА, А.Н. КАДИРОВА Некоторые вопросы совершенствования терминологического фонда.....	139
Трибуна молодого ученого	
К.К. САБИРОВ Некоторые проблемные вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан в сфере регулирования игорного бизнеса.....	144
Д.Б. РАЗИЕВА Реализация принципа справедливости в институте дисциплинарной ответственности.....	150
А.Р. ХАСЕНОВА Спорные положения разъяснений Верховного Суда Республики Казахстан по вопросам квалификации взяточничества.....	157
Хроника научной жизни	
Информационное сообщение о круглом столе на тему: «Правовое положение участников административно-процессуальных правоотношений», г. Нур-Султан, 20 июня 2019 года.....	165
Информационное сообщение о международной научной конференции «Верховенство права на национальном и международном уровнях как приоритет деятельности ООН и суверенных государств», г. Нур-Султан, 6 сентября 2019 года.....	170
Информационное сообщение о рабочей поездке делегации Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан в Республику Беларусь, г. Минск, 17-20 сентября 2019 года.....	176
Информационное сообщение о Международной конференции ООН по космическому праву и политике, г. Стамбул, Турция, 23-26 сентября 2019 года.....	182
Архивные страницы «Вестника»	
Ж.О. КУЛЖАБАЕВА Международно-правовое обеспечение космодрома «Байконур» (статья в Вестнике ИЗ РК, №2 - 2006. - с. 48-56).....	184
М.Ж. КУЛИКПАЕВА Возвращаясь к научной публикации к.ю.н. Ж.О. Кулжабаевой «Международно-правовое обеспечение космодрома «Байконур».....	191
Персоналии	
Главному научному сотруднику Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, д.ю.н., профессору Е.М. Абайдельдинову – 60 лет!.....	196
Библиография	
Рецензия на монографию А.С. Александрова, В.В. Колесник «Досудебное соглашение о сотрудничестве сторон в российском уголовном судопроизводстве». – М.: Юрлитинформ, 2018. – 216 с.	198
Мудрые мысли	204



Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute
of Legislation and Legal information
of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed
on the website
www.zqai.kz

Included in the list of publications of basic
scientific results of dissertations on legal
sciences (Order CCES MES RK №894
from 05.30.2013)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
– (Chairman)
Abayeldinov E.M. – d.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Kiev, Ukraine)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Malinovskiy V.A. – d.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Unzila Shapak – d.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan)

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – c.j.s.

Editorial Board members

Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan) – (Chairman)
Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Aiyembetov M.A. – Honored Worker
of Culture of Kazakhstan, (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Rus-
sian)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Kaziyev Z.G. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Kiyazova A.Zh. – (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Konusova V.T. – c.j.s. (Nur-Sultan, Ka-
zakhstan)
Kulikpayeva M.Zh. – PhD (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Nurgazinov B.K. – c.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Nurmagambetov R.G. – PhD
(Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – c.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-
Kamenogorsk, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek,
Kyrgyzstan)

The editorial staff

Dzhamburshin K.A.
Koltubayeva G.B.
Yerdesheva D.T.
Zhumageldina B.Zh.
Bailenova A.K.
tel.: 8 (7172) 26-61-29

*The certificate of registration of mass media
№17761-G from 25.06.2019 from
the Information Committee of the Ministry
of Information and Communications
of the Republic of Kazakhstan
(Number and date of primary registration
№6592-Zh.07.09.2005.)*

Address:

The Republic of Kazakhstan,
010000, Nur-Sultan, D. Konaev str., 12/1
BC «On the water-green boulevard»
tel.: 8(7172) 57-03-42
www.zqai.kz
e-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

CONTENT

Editorial	9
<i>Speech of the Minister of Justice M. Beketaev at the site of the press center of the Government on the topic "On improving the rule- making process."</i>	13
<i>R.K. SARPEKOV The interaction of the EAEU court with the national bodies of the member states of the Union (in the context of the Republic of Kazakhstan): practice, problems and ways for further improvement</i>	15
Constitutional and Administrative Law	
Y.A. DYUSSEN OV, A.K. LYAMBEKOVA, Y.A. DYUSSEN OV Interdepartmental commission under the government of the Republic of Kazakhstan: recommendations and proposals to improve legislative activities	21
B.K. NURGAZINOV, D.A. PASHENTSEV, O.N. SHERSTOBOEV, T.K. MAKENOV On the prospects of the procedural position of the prosecutor in the administrative proceedings of the Republic of Kazakhstan	31
Y.B. ABDRASSULOV, A.Y. ABDRASSULOVA The valid and supposed gaps in the law and ways of their execution in the law- enforcement activity of the judicial bodies	40
S.K. UKIN, D.S. BATYRBEOVA Some of the specific features of the legal status of foreigners and persons without citizenship on the territory of the International financial center «Astana»	45
Civil and Civil Procedural Law	
K.M. ILYASSOVA Issues of alternative dispute resolution under subsurface use contracts	54
M.A. YESTEMIROV Commentary to the article 11 of the Law of the Republic of Kazakhstan «On limited and additional liability partnership	63
Criminal law and Criminal procedure	
Z.G. KAZIYEV, A.N. AKHPANOV Strategy for the development of criminal procedure law and legislation of the Republic of Kazakhstan	72
K.E. ISMAGULOV, A.K. KURMANOVA, B.A. AMANZHOLVA Improvement of domestic criminal legislation on responsibility for murdering in the system of offenses against human personality	81
A.T. KARIPOVA, T.G. MAKHANOV Analysis of the list of criminal-corruption prizes in the Republic of Kazakhstan regulation of the corruption prizes in Kazakhstan	88
International and Comparative law	
M.A. SARSEMBAYEV Judgements, resolutions, opinions (conclusions) of the EAEU COURT and the EU court: similar and distinctive features	95
G.A. MENZYUK, J.A. GAVRILOVA, B.A. UMITCHINOVA The correlation between sovereignty and supranationality in the context of integration processes within the EAEU and the EU	101
Legal monitoring	
S.I. KLIMKIN Once again to the question of liability of participants in a limited liability partnership	109
M.KH. KHASSEN OV On the results of the analysis of legislation of the Republic of Kazakhstan on state guarantees of equal rights and equal opportunities of men and women	116
R.Y. ZHAKUPOV Issues of improvement of legislation of the Republic of Kazakhstan on political parties	126

From the lawmaking practice in the official language	
E.S. SAFUANI Some issues of normative acts language.....	135
ZH.M. TURAROVA, A.N. KADIROVA Some issues of improvement of the terminological fund.....	139
Young scholar tribune	
K.K. SABIROV Some issues of the improvement of the legislation of the Republic of Kazakhstan in the area of gaming business.....	144
D.B. RAZIYEVA Implementation of the principle of fairness in disciplinary responsibility institute.....	150
A.R. KHASSENNOVA Controversial provisions of the clarifications of the Supreme court of the Republic of Kazakhstan on the issues of qualifications of bribery.....	157
The Chronicle of Scientific Life	
Information note about a round table on the topic: «The legal status of participants in administrative procedural legal relations», Nur - Sultan, June 20, 2019.....	166
Information note on the international scientific conference «Supremacy of law at the national and international levels as a priority of UN activities and sovereign states», Nur-Sultan, 6 September 2019.....	172
Information note on the official visit of delegation of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan to the Republic of Belarus, Minsk, on September 17-20, 2019.....	178
Information note on the United Nations International Conference on Space Law and Policy, Istanbul, Turkey, September 23-26, 2019.....	183
The archive pages of the «Bulletin»	
ZH.O. KULZHABAYEVA International legal support for the “Baikonur” Cosmodrome (article in Bulletin of IL RK, №2 - 2006. - 48-56-p.).....	184
M.ZH. KULIKPAYEVA Returning to scientific publication of candidate of law Zh.O. Kulzhabayeva “International legal support for the “Baikonur” Cosmodrome”.....	191
Personalities	
60 years to the Chief researcher of the Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Laws, Professor Ye.M. Abaideldinov.....	196
Bibliography	
Review on the monograph of A.S. Alexandrov, V.V. Kolesnik «Pre-trial agreement on cooperation of the parties in the Russian criminal proceedings». – М.: Юрлитинформ, 2018. – 216 p.....	198
Wise thoughts	204



УДК: 3401:16

НОРМАТИВТІК АКТ ТІЛІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Есенкүл Сафуанұлы Сафуани

ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Лингвистика орталығы
Нормативтік құқықтық актілер және халықаралық шарттар жобаларының
ғылыми лингвистикалық секторының жетекші ғылыми қызметкері;
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: esenkul_46@mail.ru

Түйін сөздер: нормативтік актінің тілі; терминдердің бірізділігі; теңтүпнұсқалылық.

Аннотация. Мақала авторы нормативтік актілердің шектеусіз адресатқа арналып жазылатындығын айта келіп, ғылыми-техникалық прогресс пен әлеуметтік өмірдің даму қарқыны құқық арқылы реттелетін қоғамдық қатынастардың күрделілене түсетіндігіне назар аударады. Осыны ескере отырып, заңнама тілінің шектен тыс қарапайым болуына жол беруге болмайтындығын, мұның өзі нормалардың нақты әрі айқын болуына кері әсерін тигізетіндігін барынша түсінікті етіп дәлелдейді.

Нормативтік актілер мәтініндегі сөйлемнің қысқа болуы оның түсінікті болуына септігін тигізетіндігін айта келіп, автор сөйлемді қысқа етіп жазу заңнама үшін міндетті талап емес екендігін ескертеді. Бұл орайда басты міндет – сөйлем құрылымы реттелетін нысанның терең әрі аяқталатын сипаты болуы қажеттігіне қайшы келмеу, заңнама мәтінінің дәлдігіне, айқындығы мен толымдылығына, құқықтық мәніне нұқсан келтірмеу.

Автор нормативтік актілерде бір сөз – бір ұғым деген пікірді айнымас қағида ретінде ұсынады. Бір заңда және біртектес, бір-біріне ұқсас заңдарда көп мағыналы сөздерді, синонимдерді, мағыналас сөздерді қолдануға жол беру заң нормаларының орындалмауына алып келетін қателіктерге душар ететіндігін нақты мысалдармен дәлелдейді. «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Заңның екі бабында «номинал», «монета» деген терминдердің екі түрлі алынғандығы өрескел қате екендігіне назар аударады.

Заңдарда да, баспасөзде де бір терминнің әртүрлі жазылуының белең алуы кешірілмес қате екендігін, бірақ журналистердің де, аудармашылардың да бұған мән бермеуі жауапсыздық пен білімсіздіктің салдарынан арылатын уақыт жеткенін автор ашына айтады.

Мақалада әрбір кәсіби сипатқа, ерекше маңызға ие тіл өзінің сөздік құрылымымен ерекшеленетінін, мұндай тіл арнайы терминологияға ие, онда өмірдің белгілі бір саласына тән ұғым берілетіндігін ескермеудің салдарынан қоғамдық өмірге нұқсан келтіретін жағдайлар туындауы мүмкін екендігіне назар аудару басты міндет екендігі, юриспруденцияда терминология проблемасының өзектілігі айтылады.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЯЗЫКА НОРМАТИВНОГО АКТА

Сафуани Есенкүл Сафуанұлы

Ведущий научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы
проектов нормативных правовых актов и международных договоров
Центра лингвистики Института законодательства и правовой информации
Республики Казахстан; г. Нур-Султан, Республика Казахстан; e-mail: esenkul_46@mail.ru

Ключевые слова: язык нормативного акта; последовательность терминов; аутентичность.

Аннотация. Автор статьи обращает внимание на сложность общественных отношений, регулируемых через право, научно-технический прогресс и темпы развития социальной жизни, при этом подчеркивая, что нормативные акты написаны для неограниченного адресата. С учетом этого законодательство свидетельствует о недопустимости чрезмерной простоты языка, что негативно сказывается на четкости и ясности норм.

Краткое предложение в текстах нормативного акта является преимуществом для понятия текста, а также не требует обязательных форм в законодательстве. При этом главная задача – структура предложения не должна противоречить необходимости иметь глубокий и заканчивающийся характер регулируемой цели и не наносить ущерба точности, ясности и полноте текста законодательства и правовому значению.

Автор предоставляет необратимый принцип мнения о том, что одно слово – одно понятие. Употребление многозначных слов, синонимов, словосочетаний в однотипных, похожих друг с другом законах приводит к невыполнению норм закона, также для полного раскрытия

этих ошибок приведены конкретные примеры. В двух статьях Закона «О Национальном банке Республики Казахстан» обращается внимание на грубую ошибку двух различных терминов «номинал» и «монета».

В статье автор поднимает вопрос правописания одного термина по-разному в законах и в прессе и в том, что многие переводчики и журналисты относятся к таким спорным вопросам безразлично и безответственно.

В статье говорится о том, что язык имеет особое значение и отличается своей словарной структурой в профессиональной сфере. Такой язык обладает специальной терминологией, в которой могут возникать определенные трудности в общественной жизни и в терминологии, в юрисдикции из-за неучтенности понятий, которые используются в повседневной жизни.

SOME ISSUES OF NORMATIVE ACTS LANGUAGE

Safuani Esenkul Safuanuly

Senior scientific specialist of scientific and linguistic expertise sector
of normative legal acts drafts and international instruments
of Institute of Legislation and Legal Information of Republic of Kazakhstan;
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan; e-mail: esenkul_46@mail.ru

Keywords: The language of the normative act; the sequence of terms; authenticity.

Abstract. The author draws attention to the complexity of social relations regulated by law, scientific and technological progress and the pace of development of social life, emphasizing the regulations are written for an unlimited addressee. With this in mind, the legislation shows that excessive simplicity of language is unacceptable, which has a negative impact on the clarity and clarity of the norms.

A short sentence in the text of the normative act is an advantage for the concept of the text, and does not require mandatory forms in the legislation. At the same time, the main task, the structure of the proposal should not contradict the need to have a deep and ending character of the regulated purpose, and not to prejudice the accuracy, clarity and completeness of the text of the legislation and legal significance.

The author provides an irreversible principle of the opinion that one word is one concept. The use of polysemous words, synonyms, phrases in the same type, similar to each other laws lead to non-compliance with the law, also for the full disclosure of these errors are specific examples. Two articles of the Law «On the National Bank of the Republic of Kazakhstan» draw attention to the gross error of two different terms «denomination» and «coin».

In the article the author raises the question of spelling of one term in different laws and in the press, and that many translators and journalists are on such controversial issues indifferent and irresponsible.

The article gives that the language has a special meaning and is distinguished by its dictionary structure in the professional sphere. Such a language has a special terminology, which may cause some difficulties in public life and terminology in the jurisdiction due to the lack of concepts that are used in everyday life.

Нормативтік актілер әрқашан шектеусіз адресатқа арналып жазылатындығы ешқандай дау туғызбайды. Сондықтан да тілдің шектен тыс күрделі болуына, жасанды көп мағыналылыққа жол беруге болмайды. Нормативтік акт айқын да, түсінікті болуға тиіс. Өйткені нормативтік актілер қоғамдық қатынастардың реттеушісі бола отырып, мемлекет пікірін жеткізуші әрі саяси насихаттың құралы қызметін атқарады.

Сонымен қатар ғылыми-техникалық прогресс және әлеуметтік өмірдің даму қарқыны құқықтық жолмен реттелетін қоғамдық қатынастардың күрделі бола түсуіне алып келеді. Бұл да нормативтік актілер тілін күрделілендіре түседі. Сондықтан нормативтік актілер

тілі барынша қарапайым болуы мүмкін емес. Оның жадағай, шектен тыс қарапайым болуы заңның айқын да, нақты болуына теріс әсерін тигізіп, өкінішті салдарларға әкеп соғуы мүмкін.

Екінші жағынан, заң шығарушының ойы барынша түсінікті сөз тіркестерімен берілуі тиіс. Артық сөз, жөнсіз қайталау, реттеу нысанасын егжей-тегжейлі сипаттау, мен қалай түсінсем, басқалар да солай түсінуге тиіс деген көзқарас заңнама стиліне жат дүние. Сөйлемнің қысқалығы сөздердің өзара байланысын қамтамасыз етеді. Мәтіннің қысқалығы оны түсінуді де жеңілдетеді. Қазіргі қоғамдық өмірде мұның да маңызы өте зор.

Дегенмен нормативтік құқықтық акт

мәтінінің қысқа болуы міндетті емес. Сөйлем құрылымы реттелетін нысананың терең әрі аяқталатын сипаты болуы қажеттігіне қайшы келмеуге, заңнама мәтінінің дәлдігіне, айқындығы мен толымдылығына, құқықтық мәніне нұқсан келтірмеуге тиіс.

Нормативтік актілер стилі жөнінен біртекті, бір-біріне ұқсас болып келеді. Олар әзірленген және оларға талдау жасалған кезде мазмұны, арналуы, функциясы жөнінен бір-біріне жақын нормативтік актілер ескерілуге тиіс. Олардың стилі, терминдері ала-құла болмағаны жөн.

Заңнамалық актілер мәтінінде әрбір сөздің тек қана бір лексикалық мағынасы болуға, яғни белгілі бір ұғым бір сөзбен жазылуға тиіс. Қысқаша айтқанда, бір сөз – бір ұғым. Сондықтан бір заңда және біртектес, бір-біріне ұқсас заңдарда коп мағыналы сөздерді, синонимдерді, мағыналас сөздерді қолдануға жол беруге болмайды. Әсіресе терминдерді әртүрлі сөзбен қолдануға мүлде болмайды. Ал қазақ тіліндегі заңдарда мұндай ағаттықтар жиі кездеседі.

Мысалы, 1995 жылғы 30 наурызда қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Заңның 15-бабының «Қазақстан Ұлттық банкінің басқармасы:» деп аталатын екінші абзацы 5) тармақшасының орысша мәтіні:

«5) определяет номинальную стоимость и дизайн банкнот и монет на основе утвержденной Президентом Республики Казахстан концепции;».

Қазақша мәтіні:

«5) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тұжырымдама негізінде банкноттар мен монеталардың номиналдық құнын және дизайнын айқындайды¹;».

Ал осы Заңның 38-бабының үшінші абзацының орысша мәтіні:

«Структура номиналов банкнот и монет определяется Национальным банком Казахстана.».

Қазақша мәтіні:

«Банкноттар мен тиындардың көрсетілген құнының құрылымын Қазақстанның Ұлттық банкі белгілейді².».

Бұл Заңның қазақша мәтінінің тек осы екі бабында ғана емес, Заңның бүкіл өн бойында бір термин әртүрлі алынған. Қазақ тіліндегі мәтінді мұқият зерделесек: «атаулы құн», «нақты құн», нақтылы құн» деген тіркестерді кездестіреміз. Бұлай болатын себебі, мұндай

тұжырым тәуелсіздік таңымен бірге келді. Заңдар түсініксіз, оларды қазақша түсінікті етіп аудару керек. Қазақтың бай тілін пайдаланып, сөздерді қайталамай аудару керек, әр аудармашының стилін сыйлау керек деген түсінікпен бір термин үш, бес түрлі етіп аударылды және ол дұрыс деп есептелді. Заң олай аударылмайды деген пікір қабылданбады. Ондай пікірді айтушылар білімсіз, қақак тілінің байлығын жете меңгермеген, көркем әдебиет тілінен сусындамаған, тілі қасаң, дарынсыз мамандар деп есептелді. Терминдердің дәлме-дәл баламасын тауып, оларды орнықтыру, біріздендіру болашақтың үлесіне қалдырылды.

Әрбір кәсіби сипаты бар, ерекше маңызға ие тіл ең алдымен өзінің сөздік құрылымымен ерекшеленеді. Мұндай тіл өзінің арнайы терминологиясына ие, онда өмірдің белгілі бір саласына тән ұғым беріледі.

Юриспруденцияда терминология проблемасы әрдайым өзекті болып табылады. Өйткені тілдің негізгі міндеті заң шығарушының еркін айқын баяндып, мүлтіксіз дәл жеткізу. Алдын ала айқындалған, бір ғана мәнге ие терминді дұрыс қолданбай, мұндай дәлдікке жету мүмкін емес.

Зандық ұғым заңнамалық актіде орнықтырылып, тиісті ресми нысанда ресімделген кезде ғана құқықтық терминге айналады. Мұндай ұғым тиісті терминдер арқылы заңда тұжырымдалғанға дейін де қолданыста болуы мүмкін. Бұл орайда ол құқықтық термин деп танылуы және ресми емес, таза ғылыми мәнге ие болуы ықтимал.

Заң терминологиясы – нормативтік актілерде пайдаланылатын жай сөздер жиынтығы емес. Құқыққа да, заң терминологиясына да жүйелілік, яғни ішкі үйлесім мен тұтастық тән. Заң терминдері өзінің мазмұны жағынан өзара байланысты болады, олар бір-бірімен байланысқан, өзара астасқан ұғымдар.

Терминдердің шығу тегі – араб, парсы, латын, кейінірек ағылшын, неміс, француз тілдері. Біздің кейбір заң аудармашылары заңды қазақ тілінде сөйлетеміз деп, қателікке ұрынып жүрген жағдайларымыз аз емес. Жоғарыда көрсетілген орыс тіліндегі «номинальный стоимость» деген бір терминнің қазақша заңда «номиналдық құн», «көрсетілген құнының» деп екі түрлі алынуы сондай қателесудің салдары. Біздің аудармашыларымыз: «қазақ тілі барлық тілдерден бай, біз неге басқа тілдерден терминдерді сол қалпында

¹ «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 15-бап, екінші абзац, 5) тармақша // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. 16.08.2019 ж. жағдай бойынша.

² «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 38-бап, үшінші абзац. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. 16.08.2019 ж. жағдай бойынша.

аламыз? Біз бай тілімізді пайдаланып, терминдерді қазақша қалыптастыруымыз керек деген пікір басым болып келді. Шет тілдерден келген терминдердің қазақ тіліндегі баламасын табу керек, ал баламасы табылмаған терминдерді қазақ тілінің транскрипциясымен жазып өзіміздің төл сөзімізге айналдырайық, мысалы, «консервация» – «консербаттау», «электрификация» – «електірлендіру», «баланс» – «баланыс», т.б. деп жазайық деген пікір, білімсіздік, сауатсыздық деп бағаланды.

Түркі тілінен дүние жүзінің басқа тілдеріне сіңіп кеткен географиялық терминдер бар. Мысалы, төбе, төбешік, тағы басқа он бестен астам, жиырмаға жуық термин әр тілдің өз транскрипциясымен сол қалпында жазылады.

Жоғарыда айтылған «номинальный» деген терминнің «көрсетілген» деген аудармасы мағынасы жағынан дұрыс деуге де болады. Бірақ «көрсетілген» деген сөз термин емес. Оны әртүрлі мағынада түсінуге болады. Көбінесе бұл сөз орысша «указанный» деген сөздің баламасына сай келеді. Ал термин әртүрлі түсіндіруге болмайтын нақты ұғым. Заң мәтінінде әрбір терминнің, әрбір сөздің бір ғана лексикалық мағынасы болуға тиіс, яғни олар бір мағыналы болуға және бір ұғым бір сөзбен ғана аталуға тиіс. Сондықтан бір сөз – бір ұғым деген қағида қолданылуы міндетті. Демек бір заңның шегінде, тіпті бүкіл заңнамада көп мағыналы сөздерді, омонимдерді, ұқсас синонимдерді қолдануға жол беруге болмайды.

Ақиқатын айтқанда заңдар орыс тілінде әзірленіп, сонан кейін қазақшаға аударылатыны жасырын емес. Заң мәтіні дұрыс аударылуы үшін аудармашының дайындығы жеткілікті дәрежеде болуға тиіс. Аударып отырған заңның нормативтік мағынасын терең түсініп, қабылданғаннан кейін ол заңның қалай қолданылатынына мән беруі керек. Заң мәтінінде қолданылған терминдердің қазақ тіліндегі баламасы болмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Мұндай жағдайда аудармашы және оның аудармасына сараптама жасаған сарапшы жоғарыда мысал келтіргеніміздей терминді қазақшалаймын деп, терминге жанаспайтын әртүрлі қарапайым сөздерді қолданады. Ол заңның орындалмауына әкеп соғады.

Сонда терминді қалай қалыптастырамыз деген сұрақ туады. Тілімізде бұрын қолданылып жүрген, белгілі бір терминге балама болатын, бұрынғы қолданыстағы мағынасы сол терминмен мағыналас сөздерді қолданған жөн. Арнайы заң терминдерін жан-жақты зерттеп, қолданысқа енгізу тек тіл мамандарының ғана емес, заңгерлердің де, техника саласындағы ғалымдардың да, мемлекеттік қызметшілердің де міндеті. Бұл орайда ана тіліміздегі ескі, ұмытылып бара жатқан сөздерді тірілтіп, ұлттық заң терминологиясын

байыту, жалпы көпшілік қабылдаған сөздерді термин ретінде енгізу, дүние жүзінің дамыған мемлекеттері қолданып жүрген терминдерді қазақ тілінің транскрипциясымен жазып, оларды өзіміздің төл сөзімізге айналдыру орынды болар еді. Нормативтік актілерді мағынасы келіп тұр ғой деп енгізіле салған, термин ретінде қолдануға болмайтын сөздерден арылтып, заң мәтінінің тазалығына қол жеткізу әрбіріміздің міндетіміз.

Мысалы, қылмыстық заңнамада «декриминализация» деген термин қазақша «қылмыстық сипаттан арылту» деп аударылған. Жасалған қылмысты оның қылмыстық сипатынан арылту дегенді қалай түсінуге болады? Жасалған қылмыстың сипатын ешкім де өзгерте алмайды. Абайсызда біреуге зақым келтірдіңіз немесе ашу үстінде біреуге қол жұмсап, денсаулығына аз ғана нұқсан келтірдіңіз. Осындай әрекетті қылмыстық сипатынан арылту дегенді қалай түсінеміз? Біреуге зақым келтірмеді, қол жұмсамады деп есептеуіміз керек пе?

Қылмыстық заңнамада «криминалды» – «криминал» деп жүрміз. Себебі Орысша – қазақша сөздікте бұл сөзді «криминал» [1, 382-бет], «қылмыс іс» деп көрсетілген. Сондықтан «декриминализацияны» – «декриминалдандыру» деп алған жөн болар еді. Мұндағы «криминал» сөздің түбірі. «Декриминалдандырудың» түсінігі: бұрын қылмыстық жаза қолданылып келген әрекеттерді заң тұрғысынан қайта саралау және оны қылмыстық емес, әкімшілік, тәртіптік және өзге де құқық бұзушылықтар тобына жатқызу. Яғни бұрын қылмыстық әрекет деп саналып, бас бостандығынан айыру жазасы қолданылып келген әрекетті әкімшілік, тәртіптік құқық бұзушылық ретінде танып, жеңіл жаза қолдану.

Заңдарда терминдердің бірізділігінің сақталмауы, әсіресе терминдердің баспасөзде әртүрлі қолданылуы, осынау маңызды мәселені жүйелеп отырған мемлекеттік органның қауқарсыздығы ма әлде әркім өз білгенін қолданып, бетімен кету ме?! Заңдарда «форма» – «нысан», баспасөзде «объект» – «нысан». «Цыфр» – «цыфр», «сан», «цыфрлық», «цыфрлы», «санды», «сандық» деген сөздер шатыстырылумен келеді. «Сан» деген сөздің «число» екендігіне неге мән берілмейді? Теледидардағы бір ақпараттың өзінде: «цыфрлық», «сандық» деп шатыстыру қате екендігі қаперге алынбайды. Ал «Новый словарь иностранных слов» сөздігінде «цифр – санды белгілейтін таңба» [2, 1078-бет] деп көрсетілген, яғни цифр санның атауы. Мұның бәрі ғылыми әдебиеттерге, сөздіктерге, түсіндірме, энциклопедиялық сөздіктерге назар аудармай, «шама шамадан артық емес, Қаратау қырық батпан», деп бәрін де белден басып жүре берудің салдары.

ЛИТЕРАТУРА

1. Орысша-қазақша сөздік. - Алматы, Дайк-пресс, 2005. - 1146 б.
2. Новый словарь иностранных слов. - Москва, АСТ, Минск HARVEST, 2005. - 1151 с.

REFERENCES

1. Oryssha-qazaqsha sözdik. - Almaty, Dajk-press, 2005. - 1146 b.
2. Novyj slovar' inostrannyh slov. - Moskva, AST, Minsk HARVEST, 2005. - 1151 s

ӘОЖ (УДК) – 81'33:340.113

ТЕРМИНДІК ҚОРДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жұмагүл Мұхтарқызы Тұрарова

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты
Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына
ғылыми лингвистикалық сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: zhumat_08@mail.ru

Әлия Назарғалиқызы Кадирова

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты
Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына
ғылыми лингвистикалық сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: aliya.kadirova@mail.ru

Түйін сөздер: термин ұғымы; терминжасам; терминология мен терминдер мәселесі.

Аннотация. Мақала «термин» ұғымын және терминдерді қолдануды жетілдіру мәселелерін талқылауға арналған. Авторлар терминжасам және оны қолдануға қатысты қазақ тілші ғалымдарының тәжірибесін айта келе, А. Байтұрсынұлының еңбектері туралы қысқаша баяндайды.

Сондай-ақ, қазақ терминологиясының қазіргі кезеңге дейінгі қалыптасқан тәжірибесі мен қолданыстағы терминдерді жетілдірудің сабақтастығын атап өтеді.

Заңнамада қолданылатын терминдерді жетілдіру мәселесі заңнама жүйесінде әрбір салаға тән төл және негізгі ұғымдарды іріктеу, сондай-ақ жаңа ұғымдарды жүйелеу, жалпыға ортақ нұсқасын пайдалануды қамтамасыз ету арқылы қолданыстағы терминдер жүйесін қалыптастырумен байланысты екендігін баяндайды.

Атап айтқанда, авторлар оларды терминологиялық сөздіктерді қолдануды үйлестірумен, заң жобаларын әзірлеу және заң жобаларының лингвистикалық сараптамасын жүргізу кезінде қажетті тілдік нормаларды сақтау талаптарын, терминдерді біріздендіру тәсілдерін қамтитын әдістемені әзірлеумен және осы шараларды мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бірлескен және келісілген күш-жігерімен іске асыруды үйлестірумен байланыстырады.

Терминдерді жетілдірудің шаралары ретінде терминологиялық жұмыстардың теориялық және практикалық негіздерін (реттеу, жүйелеу, біріздендіру, стандарттау) ғылыми тұрғыда анықтауды атап өте отырып, авторлар сараланған салалық терминологиялық сөздіктердің терминдерді нақтылауда, ұғымдарды тұрақтандыруда әдістемелік құрал болатындығын көрсетеді.

ННЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОГО ФОНДА

Тұрарова Жумакуль Мухтаровна

Ведущий научный сотрудник сектора научной лингвистической экспертизы
проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики
Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан; e-mail: zhumat_08@mail.ru